

Ә.Б. Шалманова^{1*}, Р.А. Бекназаров¹

¹Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Ақтөбе қ., 030000, Қазақстан Республикасы

*e-mail: aliya_sh83@mail.ru

МОҢҒОЛИЯ ҚАЗАҚТАРЫ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Андатпа

Мақаланың мақсаты Моңғолиядағы қазақ этникалық тобының шаруашылығын сипаттау және қазіргі замандағы өзгерістерге бейімделуін көрсету болып табылады. Мақалада Моңғолияда қоныстанған қазақ диаспорасының негізгі шаруашылығы – жартылай көшпелі мал шаруашылығы және қосалқы – диқаншылық туралы баяндалады. Қазақтар елдің батыс бөлігінде – соның ішінде Баян-Өлгий және Ховд аймақтарында шоғырланғандықтан басты назар бұл өлкедегі қазақ этникалық тобының шаруашылығына аударылып, елдің басқа аймақтарымен салыстырылады. Географиялық орта мен жергілікті ауа-райына бейімделіп, урбанизация, жаһандану үрдісі заманында белгілі бір дәрежеде өзгеріске ұшыраған, дегенмен де дәстүрлі сипатын жоймаған мал өсіру әдістері де қарастырылады. Мал санының өсімі, диқаншылық өнімдерінің көрсеткіші сараланып, оған әсер еткен факторлар анықталады.

Негізгі дерек ретінде бірнеше жылдарда жүргізілген Моңғолия кешенді экспедиция барысында жиналған түздік материалдар қолданылды. Зерттеу нәтижесінде авторлар қазіргі замандағы урбанизация, жаһандану үрдісіне қарамастан Моңғолиядағы қазақтардың негізгі шаруашылығы жартылай көшпелі мал шаруашылығын жүргізуіне жергілікті табиғи-климаттық жағдай әсер етумен бірге, елдегі моңғол тілдес халықтың да ұқсас шаруашылықпен айналысуы және мемлекет тарапынан қолдау табуы, бұл саланың ел экономикасы дамуының басты бағыттарының бірі болуы әсер етеді деген қорытындыға келді.

Негізгі сөздер: Моңғолия, қазақтар, диаспора, мал шаруашылығы, дәстүр, диқаншылық

Кіріспе

«Батыс Моңғолия қазақтарының дәстүрлі мәдениеті – мал шаруашылығынан, өзіндік қоныстану жүйесінен бастап салт-дәстүрлік тұрмыс көріністеріне, халықтық таным-түсініктеріне дейін жан-жақты сақталған дүние жүзіндегі көп жағынан бірегей жалғыз жер» [1] екені рас.

Моңғолияның батыс аймақтарын мекендейтін қазақ диаспорасының негізгі шаруашылығы жартылай көшпелі мал шаруашылығы болып табылады. Тарихшы З.Қинаятұлының пайымдауынша, XIX ғ. екінші жартысында – XX ғ. бірінші жартысында саяси оқиғалардың салдарынан мұнда көшіп келудің «ең бір шешуші себебі – малына жайлы жер, жанына жайлы қоныс іздеушілік...» болды [2].

Моңғолия Орталық Азияның солтүстік-шығысындағы қоңыржай белдеуіндегі дала, шөлейт мен шөл аймақтарында орналасқан. Елдің көп бөлігі 1000–2000 м биіктікте орналасқан, елдің батысында және солтүстік-батысында таулар және шығысында биік жазықтар басым. Климаты құрғақ, күрт континенталды, қоңыржай, ауа температурасының үлкен маусымдық және тәуліктік ауытқулары бар. Қысы суық, аз қарлы, күн шуақты, қаңтардағы орташа ауа температурасы солтүстікте -35 °С (минимум -50 °С дейін), оңтүстікте -10 °С. Жазы жылы, бірақ қысқа. Шілде айында орташа температура 18-ден 26 °С дейін (максимум 40 °С дейін) жетеді. Солтүстікте жауын-шашын 200–300 мм, қиыр оңтүстікте, әсіресе оңтүстік-батыста 100 мм-ден аз, тауларда жылына 500 мм-ге дейін (ең көбі жазда) жауады. Моңғол Алтайының тауларында мұздықтар жатыр [3]. Моңғолияның табиғаты мен климаты мал шаруашылығын жүргізуге қолайлы болғандықтан жыл он екі ай мал тебіндеп жайылады. Қаһарлы қыс күндері мал қашада ұсталып, шөп беріледі.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Моңғолияны мекендейтін қазақтардың қазіргі замандағы шаруашылығы – жартылай көшпелі мал шаруашылығы және диқаншылық туралы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде азын аулақ баяндалады. Мәселен, З.Қинаятұлының [4],

Х.Мухамадиұлының [5] еңбектерінде XIX ғ. аяғынан бастап 1990 жыл аяғына дейінгі Моңғолия қазақтарының тарихы, елдің батыс аймақтарындағы қыстау орындары, диқаншылықпен айналысу тарихы, статистикалық мәліметтер т.б. сипатталған. Б.Әшімов өзінің түздік материалдарын негізге ала отырып, өз мақаласында Моңғолия қазақтарының шөп дайындау тәсілдері, мерзімі, ерекшеліктері және малға берілетін шөптердің түрлерін де баяндайды [6]. Шетелдік ғалымдардың бірі П.Финке соңғы шыққан еңбегінде Ховд аймағын мекендейтін қазақ этникалық тобының мал шаруашылығы мен диқаншылығы туралы көпжылдық зерттеу нәтижелерін ұсынады. Ол өзінің 1991 жылдан бастап бұл аймақта жинаған материалдарын талдау арқылы 1990 жылдар басындағы және 2000 жылдардағы жағдайды салыстырып Ховд аймағы қазақтарының әлеуметтік-экономикалық жағдайын сипаттайды [7]. Келесі зерттеуші А.Портиш Баян-Өлгийде жүргізген зерттеулеріне сүйене отырып, мал өнімдерінің қолданысы туралы жазады [8].

Ал бұл мақаланың авторлары жарияланған еңбектерді саралай отырып, 2007, 2008, 2013, 2023 жж. қыс, көктем, жаз, күз мезгілдерінде жүргізілген этнографиялық, этносоциологиялық зерттеулер қорытындыларын баяндайды. Бұл зерттеу жұмыстары Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының этнология бөлімі қызметкерлерінің және өнертанушы, архитектор т.б. ғалымдардың қатысуымен өткізілген Моңғолия кешенді экспедициясы (жетекші т.ғ.д., профессор С.Е.Әжіғали) барысында жүргізілді. Этнографиялық әдістер – бақылау, интервьюге қосымша жергілікті тұрғындар арасында сауалнама жүргізіліп, статистикалық мәліметтер қолданылды. Түздік зерттеулер қазақтар көп шоғырланған Баян-Өлгий, Ховд аймақтарында және Ұланбатор қ., Төв (Угталцайдам сұмыны, Налайх қ.), Дархан-Уул (Шарынгол, Хонгор сұмындары), Хэнтий (Шандығын сұмыны, Бэрх қ.) аймақтарында жүзеге асырылды. Осылайша әр жылдарда және әр маусымда жиналған мәліметтерге салыстырмалы талдау жасауға мүмкіндік болды.

Нәтижелер және оларды талқылау

Моңғолия қазақтары арасында жүргізілген этносоциологиялық зерттеулер бойынша жергілікті қазақтар мал шаруашылығын ата-бабадан жалғасып келе жатқан шаруашылық ретінде қабылдайды. Респонденттердің 84%-ы ата-бабаларының мал шаруашылығын жүргізу тәжірибесі айтарлықтай табысты болды, 13%-ы – онша сәтті емес, 3%-ы – сәтсіз болды деп есептейді.

Егер «Кеңестік Қазақстандағы индустрияландыру, ұжымдастыру, урбанизация, білім берудің, қазіргі медицинаның таралуы бұрынғы көшпелі мәдениеттің жойылуына ықпал етсе, Моңғолияда біршама басқаша әлеуметтік-экономикалық жағдайлар аясында біршама қолайлы себептермен (климат пен ландшафттың ұқсастығы, кәдімгі мал шаруашылығымен айналысу мүмкіндігі, мемлекеттің араласпауы) қазақтар бұрынғы жартылай көшпелі өмір салтын материалдық және рухани мәдениеттегі барлық белгілерімен сақтап қалды» [9] деген ғалымдардың жасаған тұжырымымен келісеміз.

Малды суықтан қорғау, аман сақтауда мал қорасының маңызы зор. Баян-Өлгий өлкесінде 1960–1990 жж. аралығында мал қорасын дайындау жұмыстары жүрілді. 1965-ші жылы 2068, 1975-ші жылы 2590, 1992-ші жылы 2941 мал қорасы болды. 1996 жылдан бастап мал қоралары, құдықтар жеке меншікке берілді [5. – 123].

Қазақтар негізінен Қобда, Сагсай, Дэлүүн, Соғақ өзені бойы, Тұлба көлі маңындағы жылы өңірлерді қыстады. Бұл жерлер қар аз түсетін, малды табиғи жайылымда ұстауға қолайлы жерлер болып келеді. Бұл өлкеде көбінесе қараша айының басынан сәуірге дейін болатын. Қыс ұзақ, қатал болуына байланысты малды аман сақтау мақсатында шөп беріп бағуға тырысады. Қыстауда соғым сойып, аң аулап, қолөнер бұйымдарын жасайды.

Көктемде қазақтардың көпшілігі дәстүрлі түрде қыстаудан төлдер мен ұсақ малдарға арналған арнайы қорасы, шөп қашасы бар көктеуге көшеді. Көктеуге көшудің басты себебі қыстау маңындағы жайылымдарда шөптің таусылуы болды. Егер тебіндегі малға шөп жеткілікті болса қыстауда мал төлдетуге қала береді. Қыстауда секілді, көктеуге

көшу кезінде де су көздері – бұлақ, өзен, көлдің бар болуы маңызды болған жоқ. Өйткені малшылар қарды, мұзды ерітіп суды өз қажеттіліктеріне қолданды. Қарды ерітіп төлге, көтерем малға, мініс аттарына да су берді. Ал қалған мал тебіндеу кезінде шөппен бірге қар жеумен шектелді [10].

Ұсақ малдар төлдеуінің негізгі маусымы наурыздың басында басталады және оған бүкіл отбасы мүшелері ат салысады. Мал төлдету науқаны балалардың мектептегі көктемгі каникулымен тұспа тұс келіп жатады. Әр бала осындай қарбалас кезде әр қозы мен лақты және оның енелігін шатастырмай, уақытында еміздіріп, басқа да әлі келетін жұмыстар атқарады. Алғашқы төлді (қозы немесе лақ) «төл басы» деп атайды және оны ерекше күтіп, отбасындағы әр бүлдіршінге атайды. Төл басы сүндет той, әліппе той секілді т.б. тілеуге арнайылап сойылады.

Күндіз төлді желден қорғайтын қашаларда ұстайды, ал түнде оларды жабық қораларға қамайды. Таңертең және кешке қозылар мен лақтарды енеліктеріне жіберіп еміздіріп алады. Көтерем мал төлдегенде, оның сүті шыққанша немесе енелігі өлген төлді басқа енелікке телу үшін сілекей жағып емізеді. Бір аптадан кейін қозылар мен лақтар отығады.

Қыста туылған «арамза төл» және әлсіз төл ыстық үйдің ішіндегі пештің жанында ұсталады. Кейіннен бұл төлді жазда «марқа сою» кезінде союға тырысады [10, – 91], [11].

Жаз айларын қазақтар өзен, көл жағасында жайлауда өткізеді. Бұл мерзім маусымнан бастап балалар мектепке баратын уақыт – қыркүйектің басына дейін жалғасады. Қыркүйектен қарашаға дейін күзеуде мал жаяды. Күзеу ықтау, ойпандау жерде орналасады. Күзгі жайылымдарда малдың төлдеуі жоспарланып, қошқар мен текеден күйек алынып, жұптау жүргізіледі.

Соңғы жылдары мал шаруашылығын жүргізетін жас отбасылар алыс жерлерге көшуге ынталы болмауына байланысты көштің қысқаруы (көбінесе 5-6 км-ге дейін) байқалады, бұл жайылымдардың тозуына әкелуде [12]. Моңғолияның ұлттық Статистика комитетінің мәліметі бойынша, мал санағының алдын-ала нәтижелері бойынша Моңғолиядағы жалпы мал саны 2023 жылдың аяғында 64,7 миллион басты құрады [13].

Ата-бабадан жалғасып келе жатқан дәстүрлі шаруашылығын Кеңес үкіметі тұсында да бірлестіктер құрамында жүргізіп келді. КСРО-ның экономикасындағы дағдарыс Моңғолия Халық Республикасына да әсерін тигізді. 1990 жылдардан бастап, ел экономикасы дағдарысты бастан өткерді, өндірістік кәсіпорындар жұмысын тоқтатты. Бірлестіктердің меншігіндегі мал жекешелендірілді. Экономикалық жағдайдың нашарлауы кезінде ата кәсіп – мал шаруашылығын жүргізу көптеген отбасының табыс көзі болды. Баян-Өлгий аймағында мал шаруашылығын жекешелендіру 1991 жылдан басталды. Х. Мұхамедиұлының мәліметтері бойынша, 1991 жылы 10383 отбасына, 1992 жылы 6606 отбасына мал жекешелендіріліп, 313,6 мың бас мал халықтың меншігіне берілді. Мәселен, 1985 жылы халықтың меншігінде 469,1 мың бас мал болса, 1990 жылы 607,6 мың болды, ал 1992 жылы бұл көрсеткіш Баян-Өлгий аймағында 788,8 мыңға жетті. 1996 жылы басында Баян-Өлгий аймағында 1354,1 мың бас мал болды, оның ішінде 8,5 мың түйе, 80,1 мың жылқы, 119,4 мың сиыр, 694,8 мың қой, 451,3 мың ешкі болды. Жалпы мал басының 95%-ы халықтың меншігінде болды [5. – 122]. 2007 жылғы мәліметтерге сәйкес, Баян-Өлгий аймағында барлығы 1597,3 мың бас мал болды, оның ішінде түйе 4,3 мың, жылқы – 65,7 мың, ірі қара (сиыр, сарлықтар) – 94,8 мың, қой – 641,0 мың, ешкі – 792,0 мың.

2008 жылы қазақтар арасында сауалнама жүргізу нәтижесінде «Қандай мал ұстағыңыз келеді?» деген сұраққа қазақтардың 30% – жылқы, 20% – ешкі, 11% – қой, 16% – сиыр, 5% – сарлық, 0,5% – түйе, 0,5% – құс (тауық), 17% малдың барлық түрін ұстағысы келетіндігін жеткізді [14].

Қазіргі таңда жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын барлық отбасы бес түлік мал ұстамайды. Дегенмен де әрбір аймақтың табиғи-климаттық ерекшеліктеріне

байланысты жылқы, мүйізді ірі қара (сарлық және/немесе сиыр, кәйнек), қой, ешкі барлық дерлік малшының иелігінде бар.

Маңыздылығы бойынша қойлар басты орынға ие. Мұнда кең таралған қой тұқымы – керейдің қызыл қойының еті мен сүті азық болса, жүнінен киіз бұйымдарын, жіп жасайды, терісінен тон, ішік секілді т.б. сырт киім тігеді. Сондай-ақ, қойлар сұмын, аймақ орталықтарындағы базарларда сатылып, малшының табыс көзі болып табылады. Жылқы да жергілікті қазақтардың жартылай көшпелі шаруашылығында маңызды орын алады. Аласа бойлы, қатал ауа-райына төзімді, жыл бойы далада жайылатын, күй талғамайтын қазақ жылқыларын шаруашылықта пайдаланумен қатар, етінен сүйікті тағамдарын жасап, саумалын, қымызын ішеді, қылынан жіп еседі, терісінен жұмсақ бұйымдар жасайды (сур.1).



Сурет 1 - Атқа мінген қазақ және айыр өркешті түйелер. Баян-Өлгий аймағы, Алтай сұмыны, 2008 ж.

Ескерту: Сурет авторлармен жасалынған

Ешкі саны жыл сайын артып келеді. Мысалы, 2006 жылы 2007 жылмен салыстырғанда ешкі басы 79,2 мың басқа өсті. Ал 2018 жылмен салыстырғанда 2019 жылы олардың саны Ховд аймағында 1624,6-дан 1631,3 мыңға, Баян-Өлгий облысында 930,4-тен 933,3-ке өсті. бұған ешкінің өз бағасынан түбіт құны жоғары болуы себеп. Мәселен, бір ірі текеден 1100 г түбіт алынатынын ескерсек 2008 ж. 1 кг түбіт құны 30 000 тугрик немесе 3 158 теңге болды, ал теке 30 000 тугрик тұрды. Бірақ эколог мамандар дабыл қағуда. Өйткені ешкі шөпті тамырымен жейтін болғандықтан, ешкі санының көбеюі жайылымдық жерлердің шөлейт, шөлге айналуына әкеп соқтырады. Осы мақсатта қой басын көбейту мақсатында үгіт-насихат жұмыстары жүргізіліп келеді.

Қырдағы малшылар мүйізді ірі қара мал түрінен көбінесе қасқырға төтеп бере алатын, таулы, тасты жерде өздігінен жайылып жүретін мал – сарлықтарды ұстайды. Таулы аймақтағы табиғи-климаттық ерекшеліктерге байланысты қатал ауа-райына өте төзімді сарлықтарды ұстауы басқа түркі-моңғол тайпаларының ықпалымен емес, қоршаған ортаға бейімделу негізіндегі шаруашылық қажеттіліктерімен байланысты болып табылады. Сарлық сүті сиыр, қой немесе ешкі сүтімен салыстырғанда қою болғандықтан шайға пайдаланылады және сары май да көбірек алынады. Сарлық еті сиыр етінен

дәмдірек саналады және салмағы да едәуір көп, жүні тоқыма өнімдерін жасау үшін сатылады. Бұл ірі қара мал түрін жүк арту үшін де пайдаланады.

Баян-Өлгий қазақтарының шаруашылығында сыртқы тұрпатымен сарлыққа ұқсайтын кәйнек (хайнак, моңғ. хайнаг)¹ те өсіріледі. Сарлыққа қарағанда жүні аздау болғандықтан суыққа аздап төзімді. Бірақ сиырмен салыстырғанда сүтінің майлылығы жоғары және салмағы көп болғандықтан соғымға союға қолайлы.

Табиғи-климаттық жағдайы жағынан жұмсақ Ховд және Моңғолияның Хэнтий, Төв, Дархан Уул аймақтары секілді шығыс, орталық, солтүстік аймақтарын мекендейтін қазақтар сиырды көбірек ұстайды. Өйткені жауын-шашынның молдығынан шөп биік өсіп, қыс мезгілінде шөп қардың бетіне шығып тұрады. Ірі қара мал түрінен сиыр ауа-райы қатал Баян Өлгий аймағында аз кездеседі. Әсіресе жұттың кесірінен малынан айырылған, материалдық жағдайы төмен, сұмын, аймақ орталығына қоныстанған отбасылар сиырды сауын ретінде ұстайды. Сиырдың сүтінен ақ тамақ жасап, етін жейді, терісін шаруашылыққа қажетті бұйымдар жасауға пайдаланады.

Соңғы жылдары автокөліктердің кең таралуына байланысты жүк тасымалдау үшін қолданылған айыр өркешті түйе саны азайып келеді. Сонымен бірге ерекше күтімді талап ететін жануар болғандықтан, қажарлы қысқа төзімсіз түйелер сирек кездеседі. Түйе етін жейді, сүтін ішеді, жүні тоқыма өнімдерін жасау үшін сатылады.

Моңғолия қазақтары бір отбасының материалдық жағдайын меншігіндегі мал санына қарай анықтайды. Негізгі табыс көзі мал болып табылатын жартылай көшпелі мал шаруашылығын жүргізетін отбасылар арасында 30–40 бас малы бар отбасы – материалдық жағдайы төмен, 100-ден жоғары – орташа табысты, 500-ден жоғары – ауқатты отбасы болып саналады. Алайда бюджеттік ұйымдар мен жеке кәсіпорындардың қызметкерлері, сауда саласының өкілдері аз мал ұстайды. Сұмын орталықтары мен қала тұрғындары малы көп болса өз қашасына сауынға бір-екі сиыр ұстап, сұмыннан шалғай қырда тұратын малшы туыстарына қалған малын бағуға беретін. 2008, 2013 жж. зерттеулер бойынша малшы отбасылар мал баққаны үшін қалада тұратын туыстарынан көбінесе азық-түлік түрінде төлем алып тұрды немесе тегін бақты. Сұмындардан шалғай қырда тұратын малшылар үшін туыстарының малын бағу қосымша материалдық баю емес, туыстық міндеттердің бір көрінісі болып саналды. Сондай-ақ олар қалалық туыстарын сүт өнімдерімен (ірімшік, құрт, айран, май, т.б.) қамтамасыз етті. Кей жағдайда қала тұрғындарының өздері жазда қырдағы туыстарына барып, қысқы мезгіліне ақ тамақ қорын қамдауға барды. 2023 жылы алынған мәліметтерге сәйкес сұмын немесе аймақ орталығында тұратын отбасылар көктем, жаз, күз мезгілінде малшыларға белгілі бір мөлшерде қаржылай ақы төлеп, мал бақтырып, қыста өз қашаларында шөп, жеммен өсіретін болды. Сонымен қатар сүт өнімдерін де сатып алады немесе өздері дайындап алады [15]. Мал санына байланысты статистикалық мәліметке жүгінсек, 2019 жылы Баян-Өлгий аймағында 2 192, мың, ал Ховд аймағында 3084,3 мың мал басы саналды (1, 2 кесте) [16], [17].

Кесте 1 – Баян-Өлгий аймағындағы мал басы

Жылдар	2016	2017	2018	2019
жалпы мал басы (мың)	2167,4	2226,1	2166,9	2192,7
Түйе	4,9	5,3	5,7	5,9
Жылқы	85,6	93,4	95,3	99,0
ірі қара	155,6	161,0	155,9	158,6
Қой	937,7	995,2	979,6	995,9
Ешкі	983,3	971,2	930,4	933,3
Ескерту: кесте дерек негізінде құрастырылған [16. – 4]				

¹ Кәйнек (хайнак, моңғ. хайнаг) бұқаны сарлықпен будандастырып алынған тұқым

Мал санына байланысты статистикалық мәліметке жүгінсек, 2019 жылы Баян-Өлгий аймағында 2 192, мың бас болса, Ховд аймағында 3084,3 мың мал басы саналған.

Кесте 2 – Ховд аймағындағы мал басы

Жылдар	2016	2017	2018	2019
жалпы мал басы (мың)	3280,6	3446,6	3146,4	3084,3
Түйе	23,9	25,7	25,4	25,8
Жылқы	122,7	132,1	128,5	128,5
Ірі қара	182,1	200,5	193,6	187,1
Қой	1098,9	1266,0	1323,6	1174,2
Ешкі	1685,8	1764,8	1624,6	1631,3
Ескерту: кесте дерек негізінде құрастырылған [17. – 5]				

2016–2019 жж. мал басының санағы нәтижелеріне сәйкес, Баян-Өлгий және Ховд аймағындағы мал басы өспегенін байқаймыз (1, 2-кестелер). Себебі соңғы жылдардағы жұт салдарынан мал көптеп қырылды және малшылардың әл-ауқатының төмендеуіне әсер етті. Нәтижесінде Ховд аймағында малшылар саны азайды. Мәселен, 2018 жылы малшы саны 7863, ал 2019 жылы 7659 болды, яғни 204 азайды. Төрт түлік малдың ішінде ұсақ мал басы ең көп. Соның ішінде түбіт бағасы жоғары болуына байланысты ешкілердің санын көбейтуге тырысады. 2018 жыл қорытындысы бойынша 1624,6 мың бас ешкінің төлін есептемегендегі 1 188,4 мың ешкіден жылына орта есеппен 365 тонна түбіт алынды, бұдан 16,7 миллиард тугрик табыс тапты, ал 1 кіші шопанның орташа табысы 2,1 миллион тугрикті құрады [17, – 48]. 2023 ж. мәлімет бойынша, 2008 жылмен салыстырғанда 1 кг түбіт бағасы 4,3 есе өсіп 130 000 тугрикке тең болды. Мал және сүт өнімдерінің бағасы да өскен. Марқа 150 000 тугрик, үлкен қойлар 250–350 мың, семіз жылқы бағасы 1,5–2 млн, сиыр 1 млн тугрик, бұзаулы сиыр 1,5 млн тугрик тұрады. 1 кг құрт 45–50 мың тугрик, 1 кг май 60–70 мың тугрик тұрады. Мал өнімдерінің бағасы Қазақстандағы бағалармен шамалас болды.

Кесте 3 – Баян-Өлгий аймағындағы үй шаруашылықтарының саны, мал шаруашылығы

Жылдар	2016	2017	2018	2019
Үй шаруашылығының жалпы саны	23322	23626	24306	24327
Мал шаруашылығы	8888	9261	8728	8703
Ескерту: Кесте дерек негізінде құрастырылған [16. – 52]				

3-кестедегі көрсеткішке [16. – 52] сәйкес аймақтағы малшылардың да саны азайғандығы көрінеді. Сұхбат барысында жұттың кесірінен малшылар малдарынан айырылып, көңілдері түсіп, сұмын, аймақ орталықтарына көшуге мәжбүр болғандығын мәлімдеді. Тіпті Қазақстанға көшу үшін бар малын сатқандар да бар. Бірақ климат қолайлы болып, мал басы қайтадан өсе бастағанда, адамдар мал шаруашылығына қайта оралуға дайын болады. Өйткені бұл материалдық жағдайын тез қалпына келтіруге мүмкіндік береді және малдан алынатын өнімдер нарықта әрқашан сұранысқа ие болып табылады [7. – 256].

Жемишөп дайындау. Соңғы жылдары малшылардың айтуынша, климаттық жағдайдың күрт өзгеруіне, соның салдарынан жұттың жиіленуіне байланысты малды аман сақтап қалу мақсатында қыс мезгіліне жемшөп дайындау кең таралды. Сонымен бірге

қырдағы малшылар қыста мал бағу қиынға соғатынын алға тартып, сұмын, аймақ орталықтарындағы тұрғындарға қыс мезгілінде малын бақпай, қайтарып беретін болды.

Мал жыл бойы жайылымда жүретіндіктен қырдағы малшылар жем-шөпті жұт кезінде жұтаған малға, төлдеу науқанында көтерем малға, сауынды сиырларға және бірекі мініс аттарына береді. Ал қала тұрғындары қыста қашасында бағып отырған аз ғана малын жем-шөппен бағады. Қойға, ешкіге, сиырға, кәйнекке, сарлыққа кебек, жылқыға сұлы береді. Көбінесе елдің батыс аймақтарын мекендейтін қазақтар жемді Ресейден тасымалдайды. Сонымен бірге Баян-Өлгий аймағында шөп шабатын жер өте аз болғандықтан малға берілетін шөп және жем ішінара Сэлэнгэ, Дорнод т.б. егін шаруашылығын жүргізетін ішкі аймақтардан сатып алынады.

Қысқа шөп дайындау Моңғолияда кеңес үкіметі тұсында қалыптасты. 1955 ж. бастап малға жем дайындау, шөп жинау жұмыстары науқанды жұмыс ретінде іске асты. Осы жылдардан бастап үкімет тарапынан арнайы шөп дайындау жұмыстары жүргізіліп, шаппа алаңдары белгіленіп, мал шаруашылығында қыста қажетті мал азығы, яғни, шөп дайындау жаппай науқанды жұмыстардың біріне айнала бастады [5. – 141]. Ел нарықтық экономикаға бет бұрғаннан кейін бірлестік меншігі жекешелендірілді. Экономикалық дағдарыс жылдарында малшылар (туыс отбасылар бірігіп) өз күштерімен аздап шөп дайындап алатын.

Әр малшы отбасының өз қыстауы, көктеуі, жайлауы, күзеуімен бірге, өздеріне тиесілі шабындық жерлері бар. Әр аймақ малшыларына шаппа алаңдары сұмын әкімдігінде бекітіледі. Шаппа алаңдары қыстаулар маңында орналасады. Өйткені қыстаудағы шөпті көктету мақсатында мал төлдететін көктеуге («жазғытұрым отыратын жер») көшіп, әрі қарай жайлаудан күзеуге, қараша айында қыстауларына қайта көшеді. Сондықтан қыстау маңындағы шөп шабуға ыңғайлы, шүйгінді болып тұрады. Шөп шабу мерзімі тамыз айының ортасынан басталып, шамамен екі аптаға созылады. Шабындық басталғанда шөптің түріне де мән беріледі. Өйткені, мысалы, ақжусан шөбі малға берілсе, малдың желіні үлкейіп, оның төлі сүтін тауыса алмай тояттап, тышқақтайды. Шөпті қыстаулардағы шабындықтардан бөлек, шалғайдан басқа да шөп түрлерін орып алып келеді. Соның бірі қыста мал тоңбас үшін берілетін сор шөп. Ал қыста сауынды малдарға шақпа, ермен шөптері ұсақ туралып, жемге араластырылып беріледі. Қысқа дайындалған шөп артық қалса, оны мал төлдету науқанында қолдану үшін көктеуге тасымалдайды [6. – 64].

2008 жылы жергілікті қазақтар шөпті шалғымен шапты («тартпамен тарту») немесе материалдық жағдайы жоғары малшылар арнайы шөп шабатын техникалар қолданды. Егер шаппа жер таулы аймақтарда, тоғайлы өлкелерде орналасса, арнайы тракторлардың жүруіне қолайсыз болуына байланысты шөп шалғымен шабылды. Ал қазіргі таңда шөп шабуға тартпаның орнына аккумуляторлы немесе бензинмен жұмыс жасайтын триммерлер қолданылады. Шабылған шөпті 2–3 күн кептірген соң жинайды. Шошақ етіп жиналған шөпті «күпәна» деп атайды. Егер 2000 жж. басында жанармайдың қымбатшылығынан, үлкен жүк автокөлігінің жүруіне ыңғайсыз таулы өлкеден немесе жақын орналасқан шаппа алаңдардан шөпті түйеге артып тасыған болса, кейінгі жылдары шағын жүк таситын автокөліктермен тасымалданатын болды [6. – 64].

Диқаншылық. Моңғолиядағы этникалық қазақтар жартылай көшпелі мал шаруашылығымен қатар диқаншылықпен де айналысады. Моңғолияның солтүстік, орталық, шығыс аймақтарында қазақтар картоп, сәбіз, қырыққабат, жүгері, бидай, сұлы, рапс, қызылша өсіріледі. Егін жинау кезінде жұмыс күші жетіспейді.

Баян-Өлгий аймағында этносоциологиялық зерттеу жүргізу барысында «Ата-бабаларыңыздың жер өңдеу тәжірибесі сәтті болды ма?» деген сұраққа респонденттердің 46% – толық емес, 28% – сәтті, 26% – сәтсіз деп жауап берді. Өлгий қаласы мен Алтай сұмынында қоныстанған қазақтар диқаншылық тәжірибесі жоқ екенін мәлімдеді. Баян-Өлгийдің Баяннұр, Алтанцогц сұмындарын және Ховд аймағының оңтүстік

сұмындарын мекендеген қазақтар ата-бабаларының егіншілік тәжірибесі айтарлықтай табысты болғанын атап өтті.

Жалпы Баян-Өлгий аймағының жері таулы болғандықтан егістікке жайлы жер аз, әрі тасты болып келеді. Егін егуге болатын жер көлемі 3321 га, оның 55% Қобда өзені сағасында орналасқан [5. – 123]. «Қазақтар Қобда бетіне келгеннен соң да диқаншылық өнерін тастамаған. Қазіргі Баян-Өлгей аймағының Баяннуур, Алтанцөгц, Цаганнуур, Қобда, Тұлба сұмыны, Қобда аймағының Қобда, Эрдэнэбүрэн сұмыны, Арван, Баян-Булаг, Хулсты қысаңы деп аталатын елді мекендерде бұрын қазақтар арпа-бидай еккен орны бар» деп жазады Моңғолия қазақтарының тарихын зерттеген З.Қинаятұлы [4. – 58].

Баян-Өлгий аймағын мекендейтін қазақтар климаттың қаталдығына, жердің тасты болуына қарамастан жер өңдеп, көкөністер егуге құлшыныс танытуда. Мәселен, Моңғолия аумағында шетелдік ұйымдар жұмыс істейді, олардың мақсаты Моңғолия халқының әл-ауқатын жақсарту. Бұл ұйымдар өз бағдарламаларын бірнеше бағытта жүзеге асырады. Мысалы, АҚШ Ауыл шаруашылығы министрлігі қаржыландыратын және World Vision Mongolia ұйымы жүзеге асырып жатқан малшылардың табысын арттыру және өмір сүру деңгейін жақсарту үшін ауыл шаруашылығын және басқа да шаруашылық түрлерін дамыту жобасы. Жоба басқа аймақтармен бірге Баян-Өлгий аймағының Баяннуур, Бұлғын, Дэлүүн, Цэнгэл сумондарын қамтыды. Бағдарлама аясында егін шаруашылығымен немесе мал шаруашылығымен айналысқысы келетіндер арасынан бекітілген критерийлер бойынша бірнеше отбасы тандалды. Сұмын орталығында шетелдік ұйымның бөлімшесі ашылып, тренингтер ұйымдастырылып, жобаға қатысушыларға оқу материалдары, тұқымдар, құрал-саймандар, егін шаруашылығына қажетті құрал-жабдықтар беріліп, жылыжайлар салынды. Білім алушылар қажетті теориялық білім мен дағдыны алған соң курстарды бітіріп, ауыл шаруашылығында қолданып, мал шаруашылығындағы тәжірибелерін арттырып, қарқынды мал шаруашылығына көшеді деп болжануда. Қазақстаннан Моңғолияға көшіп келген отбасылар, «Дэлхийн зуун» жобасына қатысушылар көкөніс өсіруде өз дағдыларын табысты пайдалануда. Ауа райының қолайсыздығына, топырақтың тастылығына қарамастан жыл сайын жерді тастардан тазартып, өзен арнасынан суды таспен қоршау арқылы қазылған арықтарға бағыттайды. Көкөніс түрлерінің ішінде, атап айтқанда, картоп, сәбіз, қырыққабат, ал жылыжайларда қызанақ, қияр, болгар бұрышы және т.б. өсіріледі. Көкөністер қытайша аталады. Өйткені тұқым Қытайдан импортталады және орамында қытайша жазылған. 2023 жылғы зерттеулер 2008 жылмен салыстырғанда Өлгий қаласында қашаға ағаш, гүл егу мәдениеті қалыптасқанын көрсетті.

Ховд аймағында ауа-райының жұмсақ болуына байланысты мұнда диқаншылық дамыған. 1991 жылы ел нарықтық экономикаға көшкенде ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі төмендейді. Кейін біртіндеп диқаншылық қолға алынады. 2018 ж. қорытындысы бойынша Ховд аймағында 2242,4 гектардан 22,8 мың тонна өнім жиналды, бұл 2017 жылмен салыстырғанда 1,8 мың тоннаға артық. 2019 жылы Аймақтың негізгі ауылшаруашылық аудандары – Булган, Буянт, Мангад, Уенч және Ховд сұмындарында шөптің 81,5% жиналды. 1 гектардан 16,5 ц дәнді дақылдар, 132,3 ц қызанақ, 124,7 ц көкөніс және 43,3 ц жемшөп дақылдары жиналды. Сонымен бірге аймақта 62,89 тонна жеміс өсірілді, оның ішінде 36,4 тонна жидек, 5,3 тонна қарақат, 4,2 тонна ранетка, 16,63 тонна алма [17. – 34]. Жемістермен және көкөністермен Баян-Өлгий және іргелес басқа да аймақтармен қоса Уланбатыр қаласының тұрғындары қамтамасыз етіледі. Қашаға көкөніс егетін үйлер санаулы, қауын, картоп, сәбіз, қарбыз, қызылша, шалғам, қырыққабат т.б. егістікке трактормен егіледі. 2018 жыл қорытындысы бойынша Ховд аймағында 2242,4 гектардан 22,8 мың тонна өнім жиналды, бұл 2017 жылмен салыстырғанда 1,8 мың тоннаға артық.

Диканшылар алынған өнімді көктемге дейін арнайы жертөлелерде (моңғ. «зөөр») (сур. 2) сақтайды, мұнда қыстың суық күндері пештерді жағу арқылы температураны 0°C - +2°C дейін жылытады.



Сурет 2 - Картоп сақталған жертөле (моңғ. «зөөр»). Ховд аймағы, Ховд сұмыны, 2008 ж.

Ескерту: сурет авторлармен жасалынған

2008 жылы зерттеу жүргізу кезінде қазақтар жертөледе мұржасы бар темір жылыту пешін қолданса, 2023 жылы Қытайдан тасымалданатын электр жылыту қондырғыларын қолданатын болды. Көктемде көкөніс бағасы көтерілгенде, олар бұл өнімді нарыққа жоғары бағамен сатады. Орташа алғанда бір жертөледе 30 тоннаға дейін картоп сақталады. Ховд сұмынында біз бір аулада екі жертөле қазылғанын байқадық. Біреуінде картоп, екіншісінде сәбіз сақталған, олардың сыйымдылығы сәйкесінше 30 және 25 тонна болды.

Ховд аймағын мекендейтін қазақтардың айтуынша, жерді өңдеу, суармалы егіншілікпен айналысу дәстүрін олар жергілікті дүнген мен ұйғырлардан үйренді. Жергілікті ұйғырлардың айтуынша, олар қазақтармен ассимиляцияланған, тіл мен мәдениетін қабылдаған, қазақтар сияқты ислам дінін ұстанады. Суармалы егіншілікке арық арқылы бағытталған тау өзендерінің суын пайдаланады, қар еруден, өзен тасуынан су басқан шалғындарын қолданады. Егіс алаңында арнайы ауыл шаруашылық техникасы қолданылса, қашадағы бақшада күрек, тырма құралдары қолданылады. Қашадағы бақша құдық суымен суарылады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, қазіргі замандағы урбанизация, жаһандану үрдісіне қарамастан Моңғолиядағы қазақтардың негізгі шаруашылығы жартылай көшпелі мал шаруашылығы болып табылады. Бұған жергілікті табиғи-климаттық жағдай әсер етумен бірге, елдегі моңғол тілдес халықтың да ұқсас шаруашылықпен айналысуы және мемлекет тарапынан қолдау табуы, ел экономикасы дамуының басты бағыттарының бірі болуы әсер етеді.

Бірақ жұттың салдарынан малынан айырылған қазақтардың материалдық жағдайы нашарлап, отырықшылыққа көшуі, ал жас буынның мал шаруашылығын жүргізуге құлшыныс танытпауы малшы отбасылардың азаюына әкелуде. Сонымен бірге қатал ауа-райына, жердің тасты болуына қарамастан жергілікті қазақтар қосалқы шаруашылық ретінде диқаншылықпен айналысады. Заманауи техникаларды қолдану дәстүрлі еңбек құралдарының қолданыссыз қалуына әсер еткенмен қазақ этникалық тобының жұмысын жеңілдетумен қатар, өнімділігін де арттыруда.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Ажигали С. Казахстану стратегически важно сохранить присутствие казахской диаспоры в Монголии // Туған тіл. – 2012 – №2. – С.54–59.
- 2 Қинаятұлы, Зардыхан. Моңғолиядағы қазақтар. – Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2007. 2-кітап. – 256 б.
- 3 Монгольская народная республика [Электронный ресурс] — URL: <https://www.booksite.ru/fulltext/1/001/008/077/789.htm> (дата обращения 05.01.2025).
- 4 Қинаятұлы З. Жылаған жылдар шежіресі. – Алматы: Мерей. – 1995. – 298 б.
- 5 Мухамадиұлы, Хурметхан. Моңғолиядағы қазақ субэтностының қалыптасуы мен дамуы. (Тарихи-этнологиялық зерттеу). Алматы-Улаанбаатар, – 1997. – 221 б.
- 6 Әшім Б. Моңғолия қазақтарының шөп дайындау тәсілдері // Орталық Азияның қазақ диаспорасы: тарих – мәдениет – ескерткіштер: Халықарал. ғыл. конф. Материалдары (Алматы қ., 5 желтоқсан 2014 ж.) – Алматы: Елтаным баспасы, – 2014. – Б. 63–66.
- 7 Finke, Peter. (2023) Qazaq pastoralists in western Mongolia: institutional change, economic diversification and social stratification. London, New York: Routledge. 256 p
- 8 Portisch, A.O. (2010) The craft of skilful learning: Kazakh women's everyday craft practices in western Mongolia // Journal of the Royal Anthropological Institute. Vol. 16. P. 62-79
- 9 Ажигали С.Е., Байгабатова Н.К. Особенности материальной культуры казахов Монголии // Казахстан и зарубежные казахи: Мат-лы Междунар. научн.-практ. конф. «Репатриация этнических казахов в Казахстан как составная часть государственной миграционной политики: достижения, проблемы и пути решения», посвященной 20-летию Всемирной Ассоциации казахов. – Алматы: Атажұрт. – 2012. – С. 21–27.
- 10 Бекназаров Р.А. Весенняя хозяйственная и промысловая деятельность казахов Монголии: по материалам МонГКЭ-2008 // Орталық Азияның қазақ диаспорасы: тарих – мәдениет – ескерткіштер: Халықарал. ғыл. конф. Материалдары. – Алматы: «Елтаным баспасы», – 2014. – Б. 90–92.
- 11 Автордың далалық материалдары, МонГКЭ-2007
- 12 Автордың далалық материалдары, МонГКЭ-2013
- 13 Предварительные результаты: поголовье скота в Монголии составило 64,7 млн голов. [Электронный ресурс] — URL: <https://montsame.mn/ru/read/334570#> (дата обращения 05.01.2025)
- 14 Автордың далалық материалдары, МонГКЭ-2008
- 15 Автордың далалық материалдары, 2023
- 16 Баян-Өлгий аймгийн 2019 оны эдийн засаг, нийгмийн хөгжлийн статистикийн эмхэтгэл. Өлгий, 2020. 92 х.
- 17 Ховд аймгийн 2019 оны нийгэм эдийн засгийн танилцуулга. Ховд, 2019. 61 х.

ОСОБЕННОСТИ ХОЗЯЙСТВА КАЗАХОВ МОНГОЛИИ

Аннотация

Целью статьи является описание хозяйства казахской этнической группы в Монголии и демонстрация адаптации к современным изменениям. В статье рассматриваются вопросы ведения основного хозяйства казахской диаспоры в Монголии – полукочевого скотоводства и второстепенного – земледелия. Поскольку казахи компактно проживают в западной части страны, а именно в Баян-Ольгийском и Ховдском районах, основное внимание уделяется хозяйству казахской этнической группы в этом регионе и сравнивается с другими районами страны. Рассматриваются также способы ведения полукочевого скотоводства, адаптированного к географической среде и местному климату, которые в определенной степени претерпели изменения в эпоху урбанизации и глобализации, но не утратили своего традиционного характера. Сравнивается рост поголовья скота, показатели продукции скотоводства и земледелия, выявляются факторы, повлиявшие на них.

В качестве основного источника использованы материалы, собранные в ходе Монгольской комплексной экспедиции, которая проводилась в течение нескольких лет. В результате исследования авторы пришли к выводу, что, несмотря на тенденции современной урбанизации, глобализации, на ведение

полукочевого животноводства казахов в Монголии оказывают влияние местные природно-климатические условия, а также монголоязычное население страны, занимающееся аналогичным хозяйством и оказывающее поддержку со стороны государства, что является одним из главных направлений развития экономики страны.

Ключевые слова: Монголия, казахи, диаспора, скотоводство, традиция, земледелие

PECULIARITIES OF MONGOLIAN KAZAKH FARMING

Abstract

The purpose of the article is to describe the economy of the Kazakh ethnic group in Mongolia and demonstrate adaptation to modern changes. The article examines the issues of running the main economy of the Kazakh diaspora in Mongolia - semi-nomadic livestock and secondary – agriculture. Since the Kazakhs are concentrated in the western part of the country, namely in the Bayan-Olgii and Khovd aimags, the main attention is paid to the economy of the Kazakh ethnic group in this region and compared with other aimags of the country. Also considered are the methods of running semi-nomadic cattle breeding adapted to the geographical environment and local climate, which to a certain extent have undergone changes in the era of urbanization and globalization, but have not lost their traditional character. The growth of livestock, the indicator of livestock, and agriculture production are compared, and the factors that influenced it are identified.

The materials collected during the Mongolian complex expedition, which was conducted for several years, were used as the main source. As a result of the study, the authors concluded that, despite the trends of modern urbanization and globalization, the management of semi-nomadic livestock farming of Kazakhs in Mongolia is influenced by local climatic conditions, as well as the Mongolian-speaking population of the country engaged in similar farming and providing support from the state, which is one of the main directions of the development of the country's economy..

Key words: Mongolia, Kazakhs, diaspora, livestock, tradition, agriculture

REFERENCES

- 1 Azhigali S. Kazahstanu strategicheski vazhno sohranit prisutstvie kazahskoj diaspori v Mongolii [*It is strategically important for Kazakhstan to maintain the presence of the Kazakh diaspora in Mongolia*]// Tugan til. 2012 №2. P. 54–59. [in Russian]
- 2 Qinayatuly, Zardyhan. Moñğoliyadağy qazaqtar [*Kazakhs in Mongolia*]. – Almaty: Duniezhuzi qazaqtarynyn qauymdastygy, 2007. 2-kitap. – 256 p. [in Kazakh]
- 3 Mongolskaya narodnaya respublika [*The Mongolian People's Republic*]. Available at: — URL: <https://www.booksite.ru/fulltext/1/001/008/077/789.htm> (accessed: 05.01.2025). [in Russian]
- 4 Qinayatuly Z. Zhylagan zhyldar shezhiresi [*Chronicle of the crying years*]. – Almaty: Merei, 1995. – 298 p. [in Kazakh]
- 5 Muhamadiuly, Hurmethan. Moñğoliyadağy qazaq subetnosynyñ qalyptasuy men damuy. (Tarihi-etnologiyalyq zertteu) [*Formation and development of the Kazakh subethnos in Mongolia. (Historical and ethnological research)*]. Almaty-Ulaanbaatar, 1997. 221 p. [in Kazakh]
- 6 Ashim B. Moñğoliya qazaqtarynyñ shöp dajyndau täsilderi [*Hay making methods Mongolian Kazakhs*] // Ortalyq Aziyanyñ qazaq diasporasy: tarih – madeniet – eskertkishter: Halyqaral. gyl. konf. Materialdary (Almaty q., 5 zheltoqsan 2014 zh.) – Almaty: «Eltanym baspasy», 2014. P.63–66 [in Kazakh]
- 7 Finke, Peter. Qazaq pastoralists in western Mongolia: institutional change, economic diversification and social stratification. London, New York: Routledge. 2023. 256 p. [in English]
- 8 Portisch, A.O. (2010) The craft of skilful learning: Kazakh women's everyday craft practices in western Mongolia (2010). Journal of the Royal Anthropological Institute, Vol. 16. P. 62–79 [in English]
- 9 Azhigali S.E., Bajgabatova N.K. Osobennosti materialnoi kultury kazahov Mongolii [*Features of the material culture of the Kazakhs of Mongolia*]. // Kazakhstan i zarubezhye kazahi: Mat-ly Mezhdunar. nauchn.-prakt. konf. «Repatriaciya etnicheskikh kazahov v Kazakhstan kak sostavnaya chast gosudarstvennoi migracionnoi politiki: dostizheniya, problemy i puti resheniya», posvyashchennoi 20-letiyu Vsemirnoi Associacii kazahov. – Almaty: Atazhurt, 2012. P. 21–27. [in Russian]
- 10 Beknazarov R.A. Vesennyyaya hozyajstvennaya i promyslovaya deyatelnost kazahov Mongolii: po materialam MongKE-2008 [*Spring economic and industrial activities of Kazakhs in Mongolia: based on materials from MongKE-2008*] // Ortalyq Aziyanyñ qazaq diasporasy: tarih – madeniet – eskertkishter: Halyqaral. gyl. konf. Materialdary. – Almaty: «Eltanym baspasy», 2014. P. 90–92 [in Russian]
- 11 Author's plain materials, MongKE-2007
- 12 Author's plain materials, MongKE-2013
- 13 Predvaritel'nye rezul'taty: pogolov'e skota v Mongolii sostavilo 64,7 mln golov [*Preliminary results: livestock population in Mongolia amounted to 64.7 million heads*] // Available at: — URL: <https://montsame.mn/ru/read/334570#> [in Russian]. (accessed: 5.01.2025).

14 Author's plain materials, MongKE-2008

15 Author's plain materials, 2023

16 Bayan-Olgij ajmgijn 2019 ony edijn zasag, nijgmijn hogzhlijn statistikijn emhetgel [Bayan-Olgii aimag 2019 economic and social development statistics compilation]. Olgij, 2020. 92 p. [in Mongolian]

17 Hovd ajmgijn 2019 ony nijgem edijn zasgijn tanilcuulga [Socio-economic profile of Khovd aimag in 2019]. Hovd, 2019. 61 p. [in Mongolian]

Information about authors:

Aliya Shalmanova - **corresponding author**, Doctoral student of the Department of History and Religious Studies, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Republic of Kazakhstan

E-mail: aliya_sh83@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0703-3740>

Rahym Beknazarov - Doctor of Historical Sciences, Associate Professor, Vice-Rector for Science and Innovation, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Republic of Kazakhstan

E-mail: r.beknazarov@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1033-9660>

Информация об авторах:

Алия Шалманова – **основной автор**, докторант кафедры «История и религиоведение», Актыобинский региональный университет им. К. Жубанова, г.Актөбе, Республика Казахстан

E-mail: aliya_sh83@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0703-3740>

Рахым Бекназаров – доктор исторических наук, доцент, проректор по науке и инновациям, Актыобинский региональный университет им. К. Жубанова, г.Актөбе, Республика Казахстан

E-mail: r.beknazarov@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1033-9660>

Авторлар туралы ақпарат:

Әлия Шалманова – **негізгі автор**, «Тарих және дінтану» кафедрасының докторанты, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: aliya_sh83@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0703-3740>

Рахым Бекназаров – тарих ғылымдарының докторы, доцент, Ғылым және инновациялар жөніндегі проректор, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: r.beknazarov@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1033-9660>